

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 қарашадағы N 1138 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 наурыздағы N 362 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2009 жылғы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 қарашадағы N 1138 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізудің іс-шаралар жоспарында:

реттік нөмірі 10 - жолда:

5-бағандағы "2010" деген цифрлар "2011" деген цифрлармен ауыстырылсын;

6-баған "2011 - 5300,0\*" деген цифрлармен толықтырылсын;

реттік нөмірі 11-жолдың 6-бағанындағы "2733682,0\*" деген цифрлар "3526634,0\*" деген цифрлармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 15 - жолда:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"2010 - 2011 жылдар";

6-баған "2011 - 28700,0\*" деген цифрлармен толықтырылсын;

Ескертпеде "2010" деген цифрлар "2011" деген цифрлармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*